

ХАТТАМА

№1 кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Ерте жастағы балалардың балабақшаға бейімделуі»

Күні: 03.09.2024 жыл

Өткізу формасы: Бейнебаяндама

Өткізу орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Жауапты педагог: тәрбиеші Загидулина

Қатысқандар: ата-аналар, әдіскер, педагог-психолог, топ тәрбиешілері

Күн тәртібі:

Тәрбиеші Загидулина дайындаған «Ерте жастағы балалардың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы бейнебаяндаманы тыңдау және талқылау.

Өту барысы:

1. Тәрбиеші Загидулина Гульнара өз бейнебаяндамасында келесі мәселелерге тоқталды:

- Бейімделудің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері;
- Қиындықтар мен оларды жеңу жолдары;
- Тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысының маңызы;
- Ата-аналарға арналған практикалық кеңестер.

2. Қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, пікірлер айтылды. Ата-аналар өз балаларының бейімделу кезеңіндегі тәжірибелерімен бөлісті.

3. Психолог тарапынан бейімделу үдерісінде ата-аналарға эмоциялық қолдау көрсету жолдары ұсынылды.

Шешім:

- Ата-аналар арасында бейнебаяндаманы тарату;
- Бейімделу кезеңінде ата-аналармен жеке кеңес беру жұмыстарын жалғастыру;
- Тәрбиешілер мен мамандар арасында тәжірибе алмасу.

ХАТТАМА

№2 кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Балаға күнде дауыстап кітап оқудың маңыздылығы»

Күні: 01.10.2024 жыл

Өтетін орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Жауапты: әдіскер Каржауова Б.Ш.

Форматы: Видеобаяндаманы көрсету және талқылау

Күн тәртібі:

Әдіскер Каржауова Б.Ш. дайындаған «Балаға күнде дауыстап кітап оқудың маңыздылығы» тақырыбындағы бейнебаяндаманы тыңдау, тәжірибе алмасу және ұсыныстар беру.

Өту барысы:

1. Видеобаяндаманы көрсетуде Каржауова Б.Ш.:

- Кітап оқудың баланың тілдік, ойлау, эмоционалдық дамуына әсері;
- Күнделікті дауыстап оқу арқылы ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту;
- Балалардың сөздік қорын байыту мен тыңдай білу қабілетін дамыту жолдарын атап өтті.

2. Қатысушылар тарапынан баяндаманың маңыздылығы аталып, өзара пікір алмасылды.

3. Психолог тарапынан дауыстап оқу арқылы баланың сенімділігі мен өзін-өзі бағалауына оң әсері туралы айтылды.

Шешім:

- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында "кітап оқу аптасын" ұйымдастыру;
- Балаларға арналған әдебиеттер тізімін ұсыну;
- Ата-аналарға үйде кітап оқуға мотивация беретін жадынама дайындау.

ХАТТАМА

№ 3 Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «2–5 жас аралығындағы балалардың гигиенасы»

Өткізілген күні: 03.11.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Жауапты: Медбике Кречотень Л.В.

Форматы: Видеобаяндаманы көрсету және талқылау

Қатысқандар: Тәрбиешілер, ата-аналар, әдіскер, педагог-психолог

Күн тәртібі:

– Медбике Кречотень Л.В. дайындаған «2–5 жас аралығындағы балалардың гигиенасы» тақырыбындағы видеобаяндамасын көрсету және талқылау.

– Ата-аналар мен педагогтер арасында пікір алмасу.

Отырыстың барысы:

1. Кречотень Л.В. өз баяндамасында:

- Балалар гигиенасының күнделікті өмірдегі маңызы;
- Жеке бастың тазалығын сақтаудың ережелері (қол жуу, тіс тазалау, бет жуу, шаш күтімі т.б.);
- Инфекциялық аурулардың алдын алу шаралары;
- Балабақшадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы жөнінде баяндады.

2. Видеобаяндамадан кейін қатысушылар арасында балаларға гигиеналық тәрбие беру бойынша өзара пікір алмасу өтті.

3. Тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесіп баланың жеке бас тазалығына деген дағдыларын дамыту жолдарын қарастырды.

Шешімдер:

- Топтарда балаларға арналған гигиеналық бұрыштар ұйымдастыру;
- Ата-аналарға арналған «Гигиена — денсаулық кепілі» тақырыбында жадынама тарату;
- Балалармен гигиена бойынша апталық әңгімелер мен ойындар өткізу.

ХАТТАМА

№ 4 Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Үй жағдайында ойнататын нейрожаттығулар»

Өткізілген күні: 02.12.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Жауапты маман: Педагог-психолог Отегенова А.Е.

Форматы: Видеобаяндаманы көрсету және талқылау

Қатысқандар: Ата-аналар, тәрбиешілер, әдіскер, басқа мамандар

Күн тәртібі:

- Педагог-психолог Отегенова А.Е. дайындаған «Үй жағдайында ойнататын нейрожаттығулар» тақырыбындағы видеобаяндаманы көрсету және түсіндіру.
- Нейрожаттығулардың бала дамуына әсерін талқылау.

Отырыстың барысы:

1. Психолог Отегенова А.Е. өз баяндамасында:

- Нейрожаттығулардың бала миының оң және сол жартышарын дамытудағы рөлі;
- Зейін, есте сақтау, ұсақ моторика және сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге арналған қарапайым жаттығулар (мысалы, “Айна”, “Крест-қимыл”, екі қолмен сурет салу, саусақ ойындары және т.б.);
- Бұл жаттығуларды ата-аналардың үй жағдайында оңай әрі тиімді түрде пайдалана алатыны жайлы айтып өтті.

2. Видеобаяндамадан соң қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

3. Тәрбиешілер мен ата-аналар нейрожаттығуларды топта және үйде жүйелі түрде қолдану туралы ұсыныстарын ортаға салды.

Шешімдер:

- Ата-аналарға арналған нейрожаттығулар тізімі мен әдістемелік нұсқаулықтарын тарату;
- Топ жұмысында нейрожаттығуларға күнделікті уақыт бөлу;
- Келесі кеңестік пунктте жаттығулар нәтижесін талқылау.

ХАТТАМА

№ 5 Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Үй жағдайында бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістері»

Өткізілген күні: 08.01.2025 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Жауапты: Тәрбиеші Тулебаева А.

Форматы: Видеобаяндама көрсету және талқылау

Күн тәртібі:

- «Үй жағдайында дәстүрден тыс сурет салу әдістері» тақырыбындағы видеобаяндаманы тыңдау
- Тақырып аясында тәжірибе алмасу

Отырыстың барысы:

1. Тәрбиеші Тулебаева А. өз видеобаяндамасында:

- Бейнелеу өнеріндегі дәстүрден тыс әдістерге (құммен, саусақпен, көкөніс іздерімен, тіс щеткасымен, сабынды көпіршіктермен сурет салу т.б.) тоқталып өтті;
- Бұл әдістер баланың шығармашылық қабілетін, ұсақ моторикасын дамытуға зор ықпал ететінін атап өтті;
- Жас ерекшеліктеріне қарай жаттығулар түрлері ұсынылды.

2. Видеобаяндамадан кейін ата-аналар тарапынан қызығушылық танытылып, балалармен үйде қолдануға болатын қарапайым әдістер талқыланды.

Шешімдер

- Ата-аналарға дәстүрден тыс сурет салу әдістері бойынша нұсқаулықтар беру;
- Топтық жұмыста қолдану үшін ұсынылған әдістер тізімін жасау;
- Келесі кеңестік пунктте балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.

ХАТТАМА

№ 6 Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы бір күнім»

Күні: 03.02.2025 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы, Мәртөк ауылы

Форматы: Фото/видеокөрме және ата-аналармен кездесу

Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер құрамы

Қатысқандар: Ата-аналар, педагогтар, әкімшілік

Күн тәртібі:

1. Балалардың күн тәртібімен таныстыру
2. Фото және видео материалдар арқылы баланың бір күндік өмірін көрсету
3. Ата-аналармен кері байланыс орнату

Отырыстың барысы:

- Іс-шара барысында ата-аналарға балалардың күнделікті балабақшадағы тыныс-тіршілігі таныстырылды.
- Таңертеңгі жаттығу, сабақ, серуен, ас ішу, тынығу сәттері фото және видео арқылы көрсетілді.
- Тәрбиешілер әр кезеңнің бала дамуына әсері туралы қысқаша түсініктеме берді.
- Ата-аналар өз ойларын айтып, тәрбиешілерге алғыс білдіріп, кейбір ұсыныстарын жеткізді.

Шешімдер:

- Ата-аналармен ашық байланысты жалғастыру
- Осындай шараларды тоқсан сайын өткізу
- Бала дамуы туралы ата-аналарға жүйелі түрде ақпарат беріп отыру

ХАТТАМА

№ 7 Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «2–5 жас аралығындағы балалардың иммунитетін шынықтыруға арналған үй жағдайындағы гигиеналық шаралар»

Күні: 03.03.2025 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Форматы: Видеобаяндама

Жауапты: Медбике Крекотень Л.В.

Мақсаты:

Ата-аналарға үй жағдайында балалардың иммундық жүйесін нығайтуға бағытталған қарапайым, тиімді гигиеналық шаралар туралы ақпарат беру.

Өткізу барысы:

Медбике Кречотень Л.В. видеобаяндамада балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жолдарын, әсіресе шынықтыру шараларының маңызын түсіндірді. Ол үй жағдайында қолдануға болатын гигиеналық процедураларға (таңертеңгі жуыну, ауаны желдету, аяқ пен қолды салқын сумен шаю, таза ауада серуендеу) тоқталды. Сонымен қатар, мұндай шаралар баланың ағзасының қорғаныс қабілетін арттырып, суық тию мен жұқпалы ауруларға төзімділігін күшейтетіні айтылды.

*Қорытынды:

Ата-аналар тарапынан видеобаяндамаға оң пікір білдірілді. Медбике ұсынылған кеңестердің күнделікті қолдануға қолайлы екенін атап өтті. Алдағы уақытта гигиена мен денсаулыққа қатысты осындай танымдық материалдар жалғасын табатын болады.

ХАТТАМА № 8

Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Екінші өмір сыйла»

Күні: 01.04.2025 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Форматы: Видеобаяндама

Жауапты: Тәрбиеші Сақтағанова Д.

Мақсаты:

Қалдық материалдарды қайта өңдеу арқылы ойыншықтар мен көрнекіліктер жасау идеясын ата-аналарға ұсыну, баланың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдермен таныстыру.

Өткізу барысы:

Тәрбиеші Сақтағанова Д. видеобаяндамада тұрмыстық қалдық материалдардың (пластикалық бөтелке, қорапша, матаның қиындысы, түрлі орамалар) көмегімен пайдалы және танымдық ойыншықтар мен көрнекіліктер жасау жолдарын көрсетті. Ол бұл тәсілдің тек экологиялық жағынан ғана емес, сондай-ақ балалардың ұсақ моторикасы, қиялы мен шығармашылық қабілетін дамытуда тиімді екенін айтты.

Қорытынды:

Видеобаяндама мазмұнды әрі қызықты өтті. Қайта өңдеу идеясын қолдана отырып, ата-аналар баламен бірге уақытты тиімді өткізіп қана қоймай, табиғатты қорғауға да үлес қоса алады. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

ХАТТАМА №9

Кеңестік пункт отырысы

Тақырыбы: «Тыныс алу жаттығулары»

Күні: 04.05.2025 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Форматы: Видеобаяндама

Жауапты: Психолог Отегенова А.Э.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру және өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту мақсатында тыныс алу жаттығуларының маңыздылығы мен қолдану жолдарын түсіндіру.

Өткізу барысы:

Психолог Отегенова А.Э. видеобаяндама барысында балаларға арналған қарапайым және тиімді тыныс алу жаттығуларын ұсынды. Жаттығулар ойын түрінде көрсетіліп, баланың жас ерекшеліктеріне сай бейімделген. Сонымен қатар жаттығулардың балалардың тынығуына, зейінін арттыруға, мазасыздықты төмендетуге тигізетін оң әсері айтылды.

Қорытынды:

Тыныс алу жаттығулары – балалардың психоэмоционалды дамуы мен өзін-өзі басқару дағдысын қалыптастыруда маңызды құрал. Бұл әдістер ата-аналар мен тәрбиешілер тарапынан күнделікті қолдануға ұсынылады.